ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 7 қазан 3514-25-00-2/3780 Қарағанды қаласы

Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының:
судьясы А.Қ. Бекқожинаның төрағалық етуімен,
хатшылықта С.Б. Садвакасовтың қатысуымен,
алдын ала сот отырысында талап қою бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақтоғай мәдени бос-уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «SI Group» Руслан Маралович Сисеналин

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі М.О. Ашимбекова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылы 17 маусымда Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақтоғай мәдени бос-уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны (бұдан әрі – «Ақтоғай мәдени бос-уақыт өткізу орталығы» КМҚК-ы, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «SI Group» Руслан Маралович Сисеналин (бұдан әрі – «SI Group» ЖК, орындаушы) арасында, бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындыларының негізінде құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №91 келісім шарт жасалды (бұдан әрі – шарт).

Шарттың мәні – Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Ақтоғай ауылы Аудандық мәдениет үйіне арналған перделер мен жалюзилерді дайындау және орнату.

Шарттың жалпы сомасы – 609 000 теңге.

2025 жылы 3 шілдеде өнім берушімен шарттың орындауын қамтамасыз ету сомасы енгізілген.

Шарт бойынша жұмыстарды орындау мерзімі – шілде. Сонымен, жұмыстар 2025 жылы 31 шілдеге дейін орындалуға жатады.

Шарт 2025 жылғы 31 желтоқсанға дейін қолданылады.

2025 жылы 31 тамызда тапсырыс беруші біржақты тәртіппен шартты бұзды.

«Ақтоғай мәдени бос-уақыт өткізу орталығы» КМҚК-ы «SI Group» ЖК-і мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінді. Талап шарт бойынша міндеттемелер орындалмағанға негізделген.

Талап қоюшының өкілі талап қойып, жауапкер жұмыстарды орындамағанын, шарт біржақты тәртіппен бұзылғанын түсіндірді.

Сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарланған жауапкер сотқа келген жоқ. Сот Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК-і) 196-бабы 4-бөліігінің тәртібімен істі оның қатысуынсыз қарауды ұйғарды.

Сот АПК-нің 172-бабының 7 бөлігімен көзделген тәртіппен істі қарауды ұйғарды.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК-і) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабы 4-тармағы 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 10-бабының 4 тармағына сәйкес баға ұсыныстарын сұрату тәсілімен мемлекеттік сатып алу, егер біртекті тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жылдық көлемі құндық мәнде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 13.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2025, судья Беккожина А. К., 18.11.2025

көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспаса, осындай біртекті тауарларға, жұмыстарға, көрсетілетін қызметтерге өткізіледі. Бұл ретте баға шешуші шарт болып табылады.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 414 тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын ұсынуы шарттың жобасында және техникалық ерекшелікте көзделген талаптарды сақтай отырып, оның тауарды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтерді көрсетуді жүзеге асыруға келісімін білдіру нысаны болып табылады.

Сот мемлекеттік сатып алу бағалы ұсыныстарға сұраным тәсілімен жүргізілгенін, оның қорытындысы бойынша тараптар арасында шарттар жасалғанын анықтады.

Демек, орындаушы мемлекеттік сатып алуға қатысып, тапсырыс берушімен келісімге қол қойып, жұмыстарды уақытында орындауға келісті және міндеттеме алды.

Сонымен қатар, жауапкер жұмыстарды орындамаған, өнім берушінің шарт бойынша міндеттемесі орындалмаған.

Осыған байланысты 2025 жылы 31 тамызда тапсырыс беруші шарттарды біржақты тәртіппен бұзды.

Талап қоюшымен Заңда көрсетілген мерзім сақталған. Шарттарды 2025 жылы 31 тамызда бұзып, сотқа ағымдағы жылы 2 қыркүйекте «Төрелік» АЖ-нің сот кабинеті арқылы жүгінді.

Мұндай жағдайларда талап қоюшының талабы негізді және қанағаттандырылуға тиіс.

АПК-нің 117-бабына сәйкес мемлекеттік баж жауапкерден жергілікті бюджеттің кірісіне өндіріп алынуға жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Сот, АПК-нің 172, 223-226, 403 – баптарын басшылыққа ала отырып,

Ш Е Ш Т І:

Ақтоғай ауданы әкімдігінің Ақтоғай ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Ақтоғай мәдени бос-уақыт өткізу орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының жеке кәсіпкер «SI Group» Руслан Маралович Сисеналинге мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «SI Group» Руслан Маралович Сисеналин мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «SI Group» Руслан Маралович Сисеналинден жергілікті бюджеттің кірісіне 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мөлшерінде баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 13.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2025, судья Беккожина А. К., 18.11.2025

Шешімге Қарағанды облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қарағанды облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Қ. Беккожина

Құжатқа қол қойылған: Беккожина А. К., 13.10.2025

Заңды күшіне енген күні: 18.11.2025, судья Беккожина А. К., 18.11.2025

3514-25-3-1/4545